

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Біз озық әдістемелер, ұлттық мұра және әлемдік тәсілдер негізінде заманауи білім беру қажеттіліктерін алдын ала болжайтын педагогтерді дайындаймыз. Біз мұғалім мамандығының беделін арттырамыз және адами капиталды дамытудың драйвері боламыз

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D01601 – Тарих

«Академик Т.С.Садықов атындағы Жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы» кафедрасы

1. Білім беру бағдарламасының жетекшісі: Жангуттин Б.О.Нұрман Ш.Т.

Әзірлеуші авторлар:

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі мен атағы	Лауазымы	Жұмыс орны немесе қызмет түрі
1.	Жангуттин Б.О.	Т.ғ.д., доцент	Кафедра меңгерушісі	Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты
2.	Нұрман Ш.Т.	Т.ғ.к.	Аға оқытушы	Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты

« Келісілген»: сараптамашылар мен жұмыс берушілер

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі мен атағы	Лауазымы	Жұмыс орны
1.	Кабульдинов З.Е.	Тарих ғылымдарының докторы, профессор	Директор	Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
2.	Төлебаев Т.А.	Тарих ғылымдарының докторы, профессор	Профессор	Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
3.	Сариев С.	ЖҒҚ	Директордың орынбасары	ҚР Орталық мемлекеттік музейі
4.	Мырзаханова Г.Ж.		Тарих пәнінің мұғалімі	Алматы қаасының №15 орта мектебі
5.	Асанова Д		докторант	Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты

2. Білім беру бағдарламалардың жалпы сипаттамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты	<i>Тарих саласындағы іргелі білімі бар, үздіксіз кәсіби өсуге дайын білікті маман, әлемдік білім беру жүйесіне интеграция жетістіктерін тиімді жүзеге асыруға дайын философия докторларын (PhD) даярлау.</i>			
Білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлау бағытының картасы				
Білім беру саласының коды және атауы	Дайындау бағытының коды және атауы	БББ түрі	ҰБШ бойынша деңгейі	СБШ бойынша деңгейі
8D01 – Педагогика ғылымдары	8D016 - Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау	қолданыстағы	8	8
Түлектің біліктілік сипаттамасы				
Тағайындалатын дәреже	«8D01601- Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)			
Түлек моделі	<ul style="list-style-type: none"> ➢ Кәсіби креативті және әлеуметтік жасампаздық қызметке дайын; ➢ Эмоционалды интеллекті және эмоционалды тұрақтылығы бар; ➢ Тарихи-мәдени мұраны құрмет етеді; ➢ Цифрлық ортаны еркін меңгерген, жаңа контент жасау біліктілігі бар; ➢ Конструктивті өзара әрекеттесуге, жаһандық сын-қатерлерге бейімделе алады; ➢ Ұжымды басқару, көшбасшы болу, өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті; ➢ Мобильді және әрдайым кәсіби біліктілігі мен өзін-өзі дамытуға қабілетті. 			
Кәсіби қызмет түрлері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім беру (педагогикалық): тарих пәнінен жалпы білім беретін мекемелерде, техникалық және кәсіптік оқу орындарында, жоғары оқу орындарында сабақ беру; оқыту үдерісін ұйымдастыру және тәрбие беру, педагогикалық үдерістерді жоспарлау және басқару, диагностика, түзету, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін болжау; инновациялық тәжірибелерді зерттеу, қорыту, тарату. 2. Оқу-тәрбиелік: Жеке тұлға мен ұжым қалыптастыруда тәрбие жұмыстарын жоспарлау және жүзеге асыру; тәрбие мен білім берудің әртүрлі формалары мен әдістерін сұрыптап тандап қолдану және пайдалану. 3. Оқу-технологиялық: білім беру үдерісінде озық инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану; тарихты оқыту мен зерттеуде ақпараттық коммуникациялық құралдар мен технологияларды ақпараттарды іздеу үдерісін ұйымдастыруға және оларды өңдеуге қатысу. 4. Әлеуметтік-педагогикалық: білім алушыларды тәрбиелеу және жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдай туғызу және педагогикалық қолдау көрсету; іскерлік әдеп нормаларын, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын, тартымдылықтың жеке тұлғалық деңгейін объективті бағалауды қалыптастыру; дене, рухани және интеллектуалдық тұрғыдан өзін-өзі дамытудың амалдарын меңгерту, психологиялық сауаттылығын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру. 5. Эксперименталды-зерттеу: тарихтың теориялық және қолданбалы өзекті мәселелерін зерттеу, осы салада тәжірибелік жұмыстар жүргізу. Отандық және әлемдік педагогикадағы инновациялық әдістерді тарихты оқыту үшін зерттеу, эксперименттер жүргізу және оның нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу. 6. Ұйымдастыру-басқару: тарих білімінің әртүрлі деңгейлерінде (мектептерде және жоғары оқу орындарында) перспективалық мақсаттарға және оларға жетудің тиімді құралдарын бағдарға алатын (жоспарлау, ұйымдастыру, реттеу, үйлестіру, бақылау) білім беру процесі менеджментінің стратегияларын жасау. 7. Ақпараттық-коммуникациялық: ғылыми және білім беру жүйелері арасындағы серіктестікті дамыту. Халық арасында тарихи білімді дамыту мен түсінуге ықпал ету. Болашақ бірлескен іс-қимыл тетіктерін жасау үшін тәжірибелермен алмасу. 			

<p>ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)</p>	<p>Білім беру бағдарламасының түлектері: ОН1 - тарихи білім беру саласы жайлы жүйелі түсінігін көрсетеді, қазіргі ғылыми парадигма қағидаттарын ескеріп және пәнаралық зерттеулердің жаңа әдістерін, тарихи зерттеулердің дағдылары мен әдістерін қолданады; ОН2 - студенттер мен зерттеушілердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үшін инновациялық технологиялармен интеграциялай отырып тарихи білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу процесін жобалайды, енгізеді және бейімдейді; ОН3 - ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайықты, тарихи ғылымның шекарасын кеңейтуде, ерекше өзіндік зерттеулерімен үлес қосады; ОН4 - «Тарих» саласы мен кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістері саласындағы жаңа білімдерді дамытады; жаңа және күрделі идеяларды талдайды, бағалайды және синтездейді; ОН5 - ғылыми форумдарда, конференциялар мен семинарларда өз білімдері мен жетістіктерін ауызша және ғылыми жазба түрінде баяндайды; ғылыми байланыстар қалыптастырады; ОН6 - оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын (АКТ, мультимедиялық бағдарламалар, Интернет ресурстарын) ақпарат жинау және ғылыми нәтижелерді апробациялау үшін белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданады; ОН7 - сыни және шығармашылық ойлауды, жеке білімпаздылық пен кәсіби өсуге ықпал ететін оқыту және бағалау стратегияларын қолдана отырып, білім беру ресурстарына талдау жасайды; ОН8 - қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарының рөлін, олардың экономикалық және мәдени құрылымдар мен процестердегі қатынастарын, олардың Қазақстанның тарихи даму барысына әсерін анықтай алады; ОН9- арнайы ақпаратты талдайды және тиісті тұжырымдар мен қорытындыларды жасайды және білімге негізделген қоғамның прогресі үшін, технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуға үлес қосады.</p>
---	--

3. Білім беру бағдарламасындағы пәндер мазмұны:

Циклдер мен модульдер	Пәндер атауы және оның негізгі бөлімдері	Барлық ECTS
БП	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ(БП)	20
ЖК	ЖОО КОМПОНЕНТІ (ЖК)	10
М-1	Ғылыми-теориялық модуль	10
1	Academic writing	
	Objective: to master the skills of creating academic texts by doctoral students. Content: Skills of written presentation of research results. Types of design of academic texts. Concepts, functions, and genres of academic texts. Competencies: to formulate the skills of writing and formatting scientific articles, dissertations and presenting empirical research data.	ОН1,5,9 5
2	Ғылыми зерттеу әдістері	
	Мақсаты: ғылыми зерттеу дағдыларын дамыту. Мазмұны: Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы, кезеңдері, тұжырымдамалық аппараты және жіктелуі. Жеке және арнайы әдістер, ғылыми зерттеулердің қателіктері. ҒЗЖ жоспарлау. Ғылыми ақпарат жинау. Ғылыми зерттеу этикасы. ҒЗЖ құрылымы. ҒЗЖ бағалаудың аналитикалық әдістері мен құралдары: ақпараттық технологиялар мен ресурстарды пайдалана отырып ҒЗЖ ұйымдастыру және басқару. Құзіреттіліктер: докторлық диссертация бойынша ҒЗЖ дағдыларын жүзеге асыру.	ОН2, 3 5
ТК	ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ	10
1	Педагогикалық практика	
	Мақсаты: жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерінің дамуы. Мазмұны: Тарихи пәндер негізінде жоғары мектеп оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерін докторанттарда қалыптастыру және дамыту. Педагогикалық және методикалық жұмыстардың жүргізілу барысын меңгеру, жоғары оқу орны және меткептің оқу үрдісіндегі білім беру нәтижелерін критериалды бағалау. Құзіреттіліктер: аналитикалық дағдылардың даму құралдарын тарих пәнін оқытуда және теорияны практикада іске асыру барысында қолдану.	ОН1,6,7 10
КП	КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ(КП)	15
ЖК	ЖОО КОМПОНЕНТІ (ЖК)	15
М-2	Ғылыми-кәсіби модуль	15
1	Қазіргі әлемдегі тарих ғылымы мен білімі: тұжырымдамалар, теория және практика	
PFM	Курс тарих ғылымындағы қазіргі теориялық және әдістемелік ұстанымдарды қарастырады және цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін интеграциялау жолдарын іздестіреді. Докторанттар деректану мен тарихнаманың заманауи әдістерін зерттейді, тарихи деректерді талдауға арналған цифрлық құралдар мен AI технологияларын меңгереді, оқытудың инновациялық әдістері мен қоғамдық тарих мәселелерін талдайды. Докторанттар ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін академиялық және білім беру ортасында сәтті қолданады.	ОН1, 4, 9 5
2	Қазақстандағы сталинизм тарихының мәселелері: деректер, әдістер, дискуссиялар	
AKZhDNMK	Мақсаты: Қазақстандағы сталинизм тарихының даулы мәселелері және оның жаңаша түсінігін беру. Мазмұны: Сталинизм тарихын өзектілендірудің методологиялық мәселелері. Қазақстандағы сталиндік режимнің репрессиялық саясаты мен тәжірибесі. Сталин туралы халық естелігі. Ауызша тарихи деректер мен құпиядан шығарылған құжаттарды талдау тәжірибесі. Қалыптастыратын дағдылар: Кәсіби мәселелерді шешуде гуманитарлық ғылымдар бойынша алған теориялық және практикалық білімдерін қолданады.	ОН4,8 5

3	Қазақ қоғамы: Отбасы және балалық шақ тарихы		
ККОBShT	<p>Мақсаты: Арнайы концептуалды түсініктер аппаратын игеру негізінде, отбасы мен балалық шақ тарихи өзгерістерін талдау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Мазмұны: Отбасы мен балалық шақ тарихи зерттеу нысаны ретінде. Дәстүрлі үлгі, отбасы әлеуметтік институт ретінде, дәстүрлер, отбасы мен балалық шақтағы әдет-ғұрыптар.</p> <p>Дағдылар: отбасы мен балалық шақ тарихын талдауда демографияның, отбасылық әлеуметтанудың категориялық аппараттарын қолданады.</p>	ОН1, 3, 8	5
		Зерттеу практикасы	10
ZP	<p>Мақсаты: докторантты ғылыми-зерттеу процестері саласындағы кәсіби қызметке дайындау.</p> <p>Мазмұны: отандық және шетелдік педагогикалық және тарихи ғылымның заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу, практикалық дағдыларды бекіту және ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеудегі тәжірибелік деректерді өңдеу және түсіндіру.</p> <p>Қүзіреттіліктер: ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүргізу, педагогикалық эксперимент жүргізу.</p>	ОН2, 3, 5	

5.Білім беру бағдарламасының көлемі мен құрылымы

Курс	Семестр	Пәндер саны		ECTS көлемі					Сағат саны	Емтихандар саны	
		МК	ЖОК	Теориялық оқыту	практика			Қорытынды аттестация			Барлығы
					ДҒЗЖ	Педагогикалық	Өндірістік				
1	1	2	3	25	5				30	1560	5
	2				30				30	768	
2	3				20	5	5		30	768	
	4				20	5	5		30	768	
3	5				30				30	768	
	6				18			12	30	768	
Барлығы		2	3	25	123	10	10	12	180	5400	5